

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

ЗАҢ ИНСТИТУТЫ

АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

**«Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы»
пәні бойынша
«Атқару ісін жүргізу»
тақырыбында әзірленген
ДӘРІС**

**Әзірлеген: азаматтық-құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы,
полиция майоры А.А. Қалиев**

**Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының ПӘС отырысында
талқылынып, мақұлданған. 2016 ж. «___»_____№__ хаттама.**

ҚАРАҒАНДЫ 2016

ЖОСПАР:

Кіріспе

1. Атқару ісін жүргізудің ұғымы және мәжбүрлеп орындату органдары.
2. Атқару әрекеттерін жасаудың негіздері. Атқару құжаттары.
3. Атқару әрекеттерін жасаудың жалпы ережелері.

Қорытынды

Нормативтік құқықтық актілер

Қолданылған әдибеттер

Кіріспе

Қазақстан Республикасы АПК 5-бабы азаматтық сот ісін жүргізудің келесі міндеттерін бекітеді:

1. азаматтардың, мемлекеттің және ұйымдардың бұзылған немесе дауланған құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау;
2. заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту;
3. құқық бұзушылықтың алдын алу.

Бұзылған немесе дауланған субъективті құқықты және заңды мүддені қорғау тек қана бір адамның құқықтарын растап, екіншісінің оның алдындағы міндеттерін сот актісімен немесе басқа да шешіммен орнатуды ғана емес, сонымен бірге осындай құқықтардың, заңды мүдделердің шынайы қалпына келтірілуін көздейді. Көптеген жағдайларда соттың шешімінің шығарылуы бұзылған немесе дауланған құқықтың қалпына келтірілгенін білдірмейді. Сонымен бірге сот актісінің орындалғаны қажет. Тек сот актісі дереу орындалғаннан кейін жеке немесе заңды тұлғалардың бұзылған немесе дауланған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша соттың міндеттері орындалды деп айтуға болады.

Кімнің де болмасын құқығын немесе заңды мүддесін қорғау – яғни, тұлғаның құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің бұзылуын жою, заңды күшіне енген сот актілері арқылы борышқорды міндеттерді орындауға мәжбүрлеу. Азаматтар мен ұйымдардың бұзылған азаматтық, еңбек, отбасылық және т.б. құқықтарын қалпына келтіру үрдісі соттардың шешімдерін, бұйрықтарын, ұйғарымдарын әне үкімдерін орындау туралы азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларымен реттеледі.

1. Атқару ісін жүргізудің ұғымы және мәжбүрлеп орындату органдары

Атқару ісін жүргізудің мәнісі борышқорға сот шешімімен орнатылған немесе расталған міндеттерін орындатуға бағытталған мәжбүрлеу шараларын қолданумен айқындалады.

Атқару әрекеттерін жасаудың тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасы Конституциясына және Қазақстанмен қабылданған халықаралық шарттарға негізделген заңдармен реттеледі. Атқару ісін жүргізуді Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 02.04. реттейтін заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Сот шешімдерінің орындалуы туралы кейбір сұрақтар Қазақстан Республикасы АПК нормаларымен де реттеледі («Сот шешімі және оны атқару тәртібі» тарауы).

Атқару ісін жүргізу туралы құқықтық нормалар жинтығының құқық жүйесінде алатын орнының туралы сұрақтар азаматтық іс жүргізу құқығының ғылымында көкейкесті болып келеді.

Бір топ авторлар шешімді атқаруды сот атқарушысының және атқару ісін жүргізуге қатысушылардың сот шешімдерін уақтылы және дұрыс орындауға бағытталған азаматтық іс жүргізу құқығымен реттелген қызметі деп көрсетеді.¹ Яғни, атқару ісін жүргізу азаматтық іс жүргізудің соңғы, қорытынды сатысы деп есептеледі, ал атқару ісін жүргізу туралы құқықтық нормалар азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларының бір бөлігі (құқықтық институты) ретінде қарастырылады.

Тағы бір авторлар болса атқару ісін жүргізуді азаматтық сот ісін жүргізудің сатысы болып табылмайды деп есептейді. Бұлардың айтуынша ол өзіндік, дербес іс жүргізу болып табылады және оны реттейтін нормалар құқықтың жеке саласы – атқару құқығын құрайды.²

Өздерінің бұндай пікірлерін осы авторлар атқару ісін жүргізудің азаматтық іс жүргізудің басқа да сатыларына қарағанда елеулі айырмашылықтары бар екендігімен негіздейді. Оның айырмашылығы атқару ісін тек азаматтық іс бойынша шығарылған сот шешімі негізінде қозғалмайтындығында. Атқару ісін жүргізу ережелеріне сәйкес, азаматтық істер бойынша сот шешімдерімен қатар, соттардың қылмыстық істер бойынша мүліктік өндірулер бөлігіндегі қаулылары, әкімшілік құқық бұзушылық туралы құзыретті органдардың қаулылары, халықаралық және шетелдік соттардың шешімдері, аралық соттардың шешімдері және басқа да органдардың актілері атқарылуға жатады. Сондықтан да осы ғалымдардың пікірінше көрсетілген актілерді атқару бойынша іс жүргізуді азаматтық іс жүргізудің бір бөлігі (сатысы) деп санауға болмайды, себебі бұндай жағдайларда азаматтық сот өндірісі жүргізілген жоқ.

¹ Ванеева Р.Х. Судебное познание в советском гражданском процессе: Уч.пособие. – Владивосток: Дальневосточ.гос.ун-т,1972. ; Сергун А.К. Штрафы за неисполнение судебного решения.//Проблемы применения и совершенствования ГПК РСФСР. – Калинин,1984.

² Вукот М.А. Вопросы теории гражданских процессуальных правоотношений // Вопросы теории и практики гражданского процесса. Вып.2. – Саратов: Саратовск.гос.ун-т,1979.; В.М.Шерстюк Система советского гражданского процессуального права (Вопросы теории),-М.:МГУ,1989.; М.К.Юков Самостоятельность норм, регулирующих исполнительное производство // Проблемы совершенствования ГПК РСФСР. Свердловск, 1975.

Соған қарамастан, біздің ойымызша, атқару ісін жүргізу – бұл азаматтық іс жүргізудің соңғы, қорытынды бөлігі деген пікір дұрыс болып келеді. Азаматтық-құқықтық дауды шешуге бағытталған соттың және іске қатысушылардың қызметінің мағынасы болмайды, егерде осы қызмет нәтижесінде шығарылған соттың тиісті шешімі орындалмаса. Яғни, сот шешімдерін атқару арқылы құқықты қорғау бойынша процесс аяқталады.³

Сотпен тиісті актіні шығаруы бұзылған немесе дауланған құқықтың немесе заңды мүдденің қалпына келтірілуін білдірмейді. Бір тұлғаның екінші тұлғаның алдындағы сот актісімен расталған құқығы және екінші тұлғаның оның алдындағы міндеттері кейіннен мәжбүрлеп орындалуды талап етеді.⁴ Мәжбүрлеп орындату барлық жағдайларда кездесе бермейді, себебі заңды күшіне енген сот шешімі орындалуға міндетті болып келеді және де біраз жағдайларда олар жауапкермен ерікті түрде орындалады.

Азаматтық сот ісін жүргізудің міндеті болып табылатын дауланған немесе бұзылған құқықты және заңды мүддені қорғау оның бұзылуын жою арқылы құқықты шынайы қалпына келтіруге (борышқорды өзінің міндеттерін орындауға мәжбүрлеусіз) мүмкін емес. Сондықтан да азаматтық сот ісін жүргізу сот актісін шығарумен емес, оның атқаруымен аяқталады. Яғни, атқару ісін жүргізу азаматтық іс жүргізудің соңғы сатысы болып табылады.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңы (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Атқарушылық іс жүргізуі туралы заң) сот актілерін орындауды атқару ісін жүргізудің ең бірінші шереттегі міндеттері ретінде көрсетеді. Аталмыш заңның 1 бабына сай: «Атқарушылық іс жүргізу міндеттері азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі сот шешімдерін, ұйғарымдары мен қаулыларын, мүлікті өндіріп алу бөлігінде қылмыстық істер жөніндегі үкімдер мен қаулыларды міндетті түрде және уақтылы орындау, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларда өзге де органдардың шешімдері мен қаулыларын орындау болып табылады».

Атқарушылық іс жүргізудің **мақсаты** – сот шешімдерін, соттың басқа да актілерін және басқа да органдардың актілерін орындау.

Қазақстан Республикасы Атқарушылық іс жүргізуі туралы заңның 6 бабына сай «соттың немесе өзге де органның қаулысын өз еркімен орындамау, сондай-ақ атқарушылық құжаттың болуы мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға негіз болып табылады». Бұл норма атқарушылық іс жүргізу сатысында процессуалдық қатынастардың пайда болуы туралы теориялық ілімдерге толығымен сай келеді. Азаматтық іс жүргізудің осы сатысында атқарушылық іс әрекеттерінің орындалуына заңдық құрамның болуы тиіс. Олар мыналар:

- заңды күшіне енген сот шешімінің (басқа да актінің) болуы;
- өндірушінің атқару құжатын алуға деген еркінің білдірілуі;
- атқарушылық құжатын орындатуға беру;

³ Сергун А.К. Көрсетілген еңбегі.

⁴ Баймолдина З.Х. Көрсетілген еңбек. 397 б.

- борышқорға ерікті түрде сот шешімін орындауға берілген мерзімнің өтіп кетуі.

Сот шешімі дереу рындалуы тиіс болған жағдайларда атақарушылық ісін жүргізуді пайда болуы үшін келесі екі заңдық фактінің болғаны жеткілікті:

- дереу орындалуға тиіс сот шешімінің болуы;
- сот шешімі негізінде берілген атқару құжатының болуы.

Мәжбүрлеп орындату органдары.

Атқарушылық іс жүргізу органдары Қазақстан Республикасы Атқарушылық іс жүргізуі туралы заңының 4 бабында көрсетілген. Бұндай органдар ретінде сот орындаушылары, сот приставтары (егерде олар сот шешімдерінің орындалуына көмектессе), салық органдары, банктер және басқа да банктік емес қаржы мекемелері болады.

Басқа да органдар, ұйымдар мен лауазымды тұлғалар атқарушылық іс әрекеттерін тікелей заңдармен көзделген жағдайларда іске асырады.

Сот актілері мен басқа да органдар актілерінің орындалуын басым көп жағдайларда **сот орындаушылары** іске асырады.

Сот орындаушысы – мемлекеттік қызметте тұратын және соттар мен басқа да органдардың қаулыларын орындау бойынша өзіне заңмен жүктелген міндеттерді орындайтын лауазымды адам.

Қазақстан Республикасы Атқарушылық іс жүргізуі туралы заңның 82 б. 4-тармағында Қазақстан Республикасындағы сот орындаушыларының санын орнату тәртібі бекітілген. Осы нормаға сай сот орындаушыларының сан құрамы судьялардың сан құрамына сәйкес болуға тиіс.

Ал сот орындаушысына және бұндай қызметке үміткерлерге қатысты қойылатын талаптар осы заңның 83 және 84 баптарында көзделген: Жиырма жасқа толған, сотталмаған, әдетте, жоғары немесе орта заң білімі бар және кемінде екі жыл жұмыс стажы бар Қазақстан Республикасының азаматы сот орындаушысы болып тағайындалуы мүмкін.

Сот орындаушысы өзіне берілген құқықтарды Заңға қатаң сәйкес түрде пайдалануға және өз қызметінде азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасауға жол бермеуге міндетті.

Сот орындаушысы өзіне жүктелген міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, лауазымдық өкілеттігін асыра пайдаланғаны, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзғаны үшін заңдарда белгіленген тәртіппен жауап береді.

Сот орындаушысы өзінің алдына қойылған міндеттерді орындау және оларды дер кезінде шешу бойынша кең *өкілеттіктермен* қамтамасыз етілген.

Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 86 бабындағы 1 тармаққа сай сот орындаушысы заңда белгіленген тәртіппен:

1. орындауға қатысты мәселелер бойынша қаулылар шығаруға;
2. әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға;
3. атқарушылық әрекеттер жасау кезінде туындаған мәселелер бойынша, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын

мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, өтеусіз қажетті ақпарат, түсініктемелер мен анықтамалар алуға. Бұл орайда органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар және азаматтар оларды дереу, ал арнайы құжаттарды өңдеуді, дайындауды талап ететін жағдайларда үш күннен кешіктірмей сот орындаушысына беруге міндетті;

4. атқарушылық әрекеттер жасағанда негізге алынған атқару құжаттары түсініксіз болған жағдайда түсінік алу үшін сотқа немесе атқару құжатын берген басқа да органдарға жүгінуге;

5. атқарушылық әрекеттер жасау кезінде пайда болған мәселелер бойынша, оның ішінде орындау мерзімін кейінге қалдыру, мерзімін ұзарту, орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы, сондай-ақ борышкерді іздестіру мәселелері бойынша сотқа ұсыныстар енгізуге;

6. іс жүргізіліп жатқан атқару құжаттары бойынша азаматтар мен лауазымды адамдарды шақыртуға;

7. кез келген меншік нысанындағы ұйымдарда атқару құжаттарының орындалуын және олар бойынша қаржы құжаттамасының жүргізілуін тексеруге;

8. нақты атқарушылық әрекеттер жасау мәселелері бойынша тапсырмалар беруге;

9. борышкерлер, сондай-ақ өздерінде борышкерге тиесілі мүліктің бар екенін растайтын деректер болған жағдайда басқа адамдар орналасқан немесе соларға тиесілі үй-жайлар мен қоймаларға кіруге, қажет болған жағдайда үй-жайлар мен қоймаларды мәжбүрлеп ашып қарауға, айғақ адамдардың қатысуымен тексерулер жүргізуге;

10. борышкерлердің банктердегі шоттары мен бағалы қағаздарына тыйым салуға;

11. тыйым салынған мүлікті алуға, сақтау үшін беруге және сатуға;

12. алынған мүлікті сақтау үшін ұйымдардың үй-жайын, сол мүлікті тасу үшін өндіріп алушы мен борышкердің көлігін заңдарда белгіленген тәртіппен пайдалануға;

13. атқарушылық іс жүргізу туралы заңдарда көзделген өзге де әрекеттер жасауға;

14. қажет болған жағдайларда атқару құжаттарының бұлжытпай орындалуын қамтамасыз ету үшін ішкі істер органдарының қызметкерлерін немесе бөлімшелерін тартуға хақылы.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңы сот орындаушысына міндеттерді де жүктейді. Аталмыш заңның 86 б. 2 тармағына сай сот орындаушысы:

1. соттың талапты қамтамасыз ету жөніндегі ұйғарымын орындауға;

2. тараптарға немесе олардың өкілдеріне атқарушылық іс жүргізу материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жасауға, көшірмелер түсіруге мүмкіндік беруге;

3. атқарушылық іс жүргізу жөніндегі арыздар мен тараптардың өтініштерін қарауға және солар бойынша қаулы шығаруға, оларға шағым

немесе наразылық беру мерзімдері мен тәртіптерін түсіндіруге, егер оның өзі атқарушылық іс жүргізудің аяқталуына тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса немесе оның әділдігіне күмән туғызатын өзге де мән-жайлар бар болса, істі қараудан бас тартуға;

4. атқарушылық іс жүргізу туралы заңдарда көзделген өзге де әрекеттер жасауға міндетті.

Соттар мен басқа да органдардың қаулыларын орындау жөніндегі сот орындаушысының қоятын талаптары барлық органдар, меншік нысанына қарамастан ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті болып келеді.

Атқарушылық іс жүргізу барысында сот шешімін немесе басқа да органдардың актілерін орындату бойынша түрлі жағдайлар қалыптасуы мүмкін. Сондықтан да атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру, тоқтату, атқару құжатын қайтару немесе немесе оны тарату комиссиясына жіберу туралы мәселелерді сот орындаушысы қарайды.

Сот орындаушысының атқарушылық іс-әрекеттеріне қандай да болмасын кедергі жасаушылар заңнамаға сәйкес жауаптылыққа тартылады. Мысалы, ҚР ӘҚБК-нің 521,522 баптарына сай сот орындаушысының заңды талаптарына бағынбау, яғни, оның шақыруы бойынша себепсіз келмеу, оны атқарушылық іс-әрекеттерін жасау үшін ғимараттарға кіргізбеу, қажетті құжаттарды, мәліметтерді бермеу оларға айып тағуды көздейді.

Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 4 бабындағы 2-тармаққа сай заңдарда көзделген соттар мен басқа да органдардың актілерін орындау **сот орындаушыларының** жәрдемдесуімен іске асырылады.

Сот приставтарының құқықтық мәртебесі, олардың міндеттері, қызметін ұйымдастыру және оларды қызметіне тағайындау, сонымен қатар олардың қызметін бақылау сұрақтары Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңымен реттеледі.

Сот приставаы – бұл мемлекеттік қызметте тұратын және соттар қызметінің орнатылған тәртібін қамтамасыз ету бойынша міндеттер жүктелген лауазымды тұлға («Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 1 б.1-т.). Азаматтық істер бойынша әділ сотты іске асыру барысында сот приставтарының міндеттеріне жататындар:

1. сот отырысы залында істі қарау кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету;

2. бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалардың орындалуын бақылау жасау;

3. сотпен процессуалдық әрекеттерді жасау кезінде көмек көрсету;

4. сот ғимараттарын, судьяларды және басқа да іске қатысушыларды қорғауды қамтамасыз ету;

5. сот орындаушыларына соттар мен басқа да органдардың актілерін орындатуда көмек көрсету.

Сот приставтары ҚР Жоғары Сотын қоса алғанда барлық соттардың штатында қызмет атқарады.

Сот приставтарына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 6 бабында көзделген:

Кемінде жиырма бір жасқа толған, орта (арнаулы орта) білімі бар, өзінің іскерлік және жеке қасиеттері бойынша, сондай-ақ денсаулық жағдайы бойынша өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қабілетті және арнаулы тексеруден өткен, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын адам сот приставы болып тағайындала алады.

Осы заңның 7 бабында сот приставының құқықтары мен міндеттері көрсетілген. Сот приставы өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында:

1. азаматтардан сот қызметінің белгіленген тәртібін сақтауды, сондай-ақ соттың үй-жайында және сот отырысы залында құқыққа қайшы іс-әрекеттер жасауды тоқтатуды талап етуге;

2. соттың үй-жайында (көшпелі отырыс өткізілген жағдайда – сот отырысы өткізіліп жатқан үй-жайда) құқық бұзушыны әкімшілік жолмен ұстауға;

3. заңдарда белгіленген тәртіппен жауапқа тарту үшін бұзушылық туралы хаттама жасауға;

4. ҚР-ның заңдарында көзделген тәртіппен қаруды, арнаулы құралдарды және күш қолдануға құқылы.

Сот приставы:

1. өзіне берілген құқықтарды қатаң заңға сәйкес пайдалануға және өз қызметінде азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге жол бермеуге;

2. судьяларды және сот процесіне қатысушы өзге де адамдарды күзетуді қамтамасыз етуге;

3. кеңесу бөлмелерін, соттың басқа да үй-жайлары мен ғимараттарын күзетуді жүзеге асыруға;

4. атқарушылық іс жүргізу туралы заңдарға сәйкес атқарушылық іс-әрекеттер жасауға қатысуға;

5. сот отырысы залында және соттың үй-жайында құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге;

6. судьяның тапсырмасы бойынша қылмыстық іс пен заттық айғақтарды жеткізуді және соттың тұрақты орналасқан жерінен тыс сот талқылауын жүргізу кезінде олардың сақталуын қамтамасыз етуге;

7. судьяның сот талқылауын жүргізу тәртібін сақтауға байланысты өкімдерін орындауға;

8. сотқа келуден жалтарған адамдарды күштеп алып келуді жүзеге асыруға;

9. қамауға алынған адамдарды қорғау және олардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша қарауыл қызметі қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасауға міндетті.

Сот приставтарымен атыс қаруын, арнаулы құралдар мен күш қолданудың тәртібі аталмыш заңның 8 бабымен реттелген. Сот приставы аталған күштер мен құралдарды өзіне жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қолданады.

Сот приставына атыс қаруын келесі мақсаттарда қолдануға құқығы бар:

1. судьялар мен сот отырысына қатысушылардың өмірі ең денсаулығына қауіп төнгенде оларға жасалған шабуылға тойтарыс беру үшін;
2. сот приставы мен сот орындаушысының қызмет міндеттерін орындауы үстінде олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнсе, оларға жасалған шабуылға тойтарыс беру үшін;
3. қаруды немесе арнаулы құралдарды иелену әрекетін болдырмау;
4. сотқа және соттардың ғимараттарына топтасып немесе қару қолданып жасалған шабуылға тойтарыс беру мақсатында қолдануға құқығы бар.

Сот приставы күш жұмсауды, соның ішінде ұрыс тәсілдерін, сондай-ақ тізбесі арнаулы заңдармен белгіленетін арнаулы құралдарды:

1. судьяларға және соттың талқылауына қатысушыларға жасалған шабуылға тойтарыс беру;
2. сот приставы мен сот орындаушысының қызмет міндеттерін атқаруы үстінде оларға күшпен қарсылық көрсету мен шабуыл жасауды тоқтату;
3. егер адам құқыққа қарсы іс-әрекеттерді тоқтату туралы талапты орындаудан бас тартса, ол адамды ұстау;
4. адамның қамаудан қашуына жол бермеу, сондай-ақ қамауда отырған адамды күш арқылы босату әрекетіне жол бермеу үшін қолдануы мүмкін.

Қарулы шабуыл жасаған және қарулы қарсылық көрсеткен немесе топтасып шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, қаруды, арнаулы құралдарды және ұрыс тәсілдерін әйелдерге, кәмелетке толмағандарға және айқын мүгедектік белгілері бар адамдарға қатысты қолдануға тыйым салынады.

Қару, арнаулы құралдар және ұрыс тәсілдері қолданылған барлық жағдайларда сот приставы айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендер жедел медициналық көмек көрсету үшін қажетті шаралар қолдануға, сот төрағасына қарудың, арнаулы құралдардың және ұрыс тәсілдерінің қолданылғаны туралы тікелей хабарлауға міндетті.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 4 бабының 3 тармағына сай атқарушылық іс жүргізу органдарына сонымен қатар салық органдары, банктер және өзге де банктік емес қаржы мекемелері жатқызылады. Аталған органдар мен мекемелер соттар мен басқа да органдардың ақша сомаларын өндіру туралы актілерін орындайды.

Бюджетке төленетін салық төлемдері мен өзге де міндетті төлемдердің берешегін, айыппұлдар төлеуді кешіктіргені үшін өсімдерді, бюджетке төленетін салық төлемдері мен өзге де міндетті төлемдер туралы заңдарды бұзғаны үшін өзге де санкцияларды өндіріп алу жөніндегі атқарушылық іс жүргізу «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі

туралы» заңның нормаларында белгіленген тәртіппен және салық пен кеден заңдарына сай жүргізіледі.

ҚР Салық кодексінің⁵ 49 бабына сай салық тексеруі актісі бойынша хабарламаға шағым жасау жағдайларын қоспағанда, салық органдары мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдануға құқылы. Салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1. банк шоттарындағы ақша есебінен;
2. қолма-қол ақша есебінен;
3. дебиторлардың шоттарынан;
4. билік ету шектелген мүлкін өткізу есебінен;
5. жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару арқылы.

Салық төлеуші декларациялар және (немесе) есеп айырысулар бойынша, сондай-ақ салық тексерулері нәтижелері бойынша есептеген салық берешегі сомалары төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, салық органы салық берешегінің сомасын салық төлеушінің және (немесе) дербес салық төлеуші болып табылмайтын оның құрылымдық бөлімшелерінің банк шоттаынан олардың келісімінсіз мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алуға құқылы (ҚР Салық кодексінің 50 б.).

Ал, салық берешегі сомасын қолма-қол ақша есебінен өндіріп алу банк шотында ақша болмаған жағдайда жүргізіледі (ҚР Салық кодексінің 51 б.1-т.).

Сонымен қатар, салық төлеушінің банк шоттарында ақшасы және қолма-қол ақшасы болмаған жағдайда, салық органының жиналып қалған салық берешегі шегінде салық төлеушіге берешегі бар үшінші тұлғалардың (дебиторлардың) банк шоттарындағы ақшадан өндіріп алуға құқығы бар (ҚР Салық кодексінің 52 б.1-т.).

Салық төлеушінің – заңды тұлғаның және жеке кәсіпкердің банк шоттарында ақшасы, қолма-қол және дебиторлардың банк шоттарында ақшасы болмаған жағдайларда салық органдары оның келісімінсіз салық берешегінің сомасы шегінде салық төлеушінің билік ету шектелген мүлкінен өндіріп алуды жүргізуге құқылы (ҚР Салық кодексінің 53 б.1-т.).

Жоғарыда көрсетілген шаралардың барлығы қолданылғаннан кейін салық төлеуші жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғам салық берешегі сомаларын өтемеген жағдайда, уәкілетті орган ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен, сотқа жарияланған акцияларды мәжбүрлеп шығару туралы талап арызымен жүгінуге құқылы.

Салық органдарының шығарылған актілеріне немесе басқа да әрекеттеріне, олармен келіспеушілік болған жағдайларда, шағым немесе наразылық беруге болады.

Кеден ісі туралы кодекстің нормалары да кеден заңнамасын бұзған жағдайларда кеден органдарымен мемлекеттік бюджеттің пайдасына атқарушылық іс әрекеттерін жасау негіздерін көздейді. (Мыс., 140 бабын қараңыз).

⁵ ҚР «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 12.06.01ж заңы. 01.01.02ж

Атқарушылық ісін жүргізудегі соттың ролі туралы да айтпай кетуге болмайды. Атқарушылық іс-әрекеттерін жасау кезінде кейбір жағдайларда соттың құзыретіне кіретін сұрақтарды шешу қажеттіліктері де туындап отырады. Мысалы, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 10 б.3-т. сай сот атқарушылық іс жүргізу барысында өткізіліп алынған мерзімді қалпына келтіру туралы сұрақтарды шешеді.

Орындауға беру мерзімі өткізіліп алынған атқару құжаты бойынша атқарушылық іс жүргізу қозғалмайды, сот орындаушысы бұл туралы қаулы шығарады және өндіріп алушыға өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы сотқа арызбен жүгіну құқығын түсіндіреді.

ҚР АПК 234, 240 баптары сай және «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 13 бабына сәйкес сот орындау мерзімін кейінге қалдыру немесе ұзарту туралы, орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы, сондай-ақ ұйғарылған сомаларды индекстеу туралы мәселені шешеді. Сондықтан да атқарушылық әрекеттер жасауды қиындататын немесе мүмкін болдырмайтын мән-жайлар болған ретте сот орындаушысы, өндіріп алушы немесе борышкер істі қараған сот алдында орындау мерзімін кейінге қалдыру немесе ұзарту туралы, орындау тәсілі мен тәртібін өзгерту туралы, сондай-ақ ұйғарылған сомаларды индекстеу туралы мәселе қоюға құқылы.

ҚР АПК 135 бабының 2,3-тб. және «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 18 бабына сай сот борышкерді іздестіру туралы сұрақты шешеді. Алимент өндіріп алу, мертіктіру немесе денсаулығын өзгедей зақымдау арқылы келтірілген зиянды өтеу, асыраушысының қайтыс болуы жөніндегі істер бойынша, сондай-ақ борышкердің жүрген жері белгісіз болған өзге де жағдайларда сот орындаушысы сотқа ішкі істер органдары арқылы іздеу салу туралы ұсыныс жасайды. Борышкерді іздеуге қатысты жасалған шығындар атқарушылық әрекеттер жасау жөніндегі шығыстарға жатады және сот арқылы борышкерден жергілікті бюджетке өндіріп алынуға тиіс.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 23 бабында орындалуға тиісті атқару құжатын сотпен түсіндіру ережелері бекітілген. Осы нормаға сай, атқару құжаты түсініксіз болған жағдайда оны орындауға алған сот орындаушысы атқару құжатын бергенде негізге алынған шешімді немесе қаулыны түсіндіру үшін сотқа немесе атқару құжатын берген органға жүгінуге хақылы.

Сонымен бірге, сот атқарушылық ісін жүргізу кезінде сот орындаушысымен жасалған әрекеттерге немесе онымен шығарылған қаулыларға қатысты берілген шағымдары қарастырады. Сондықтан да, сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру, тоқтату, атқару құжатын қайтару немесе оны тарату комиссиясына жіберу туралы қаулысына өндіріп алушы сотқа шағымдана алады («Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 22 б.3-т.).

Ал, осы заңның 25 б. 2-т. ережелері атқарушылық іс әрекеттерін демалыс және мейрам күндері, сонымен бірге түнгі уақытта жасау үшін соттың рұқсаты керек.

Атқару құжатын орындау кезінде заңды тұлға қайта құрылған жағдайда сот орындаушысы борышкердің құқықтық мирасқорын анықтайды және шешім шығарған сотқа хат жіберіп, борышкерді оның құқықтық мирасқорымен ауыстыру туралы ұйғарым шығару туралы ұсыныс жасайды.

Сот орындаушысын істен қатыстыруға шығару (қарсылық білдіру) туралы өтінішті қанағаттандырмау туралы қаулыны да сотқа шағым немесе наразылық келтіру жолымен қайта қарастыруға болады («Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 32 б.4-т.).

Сот орындаушысының атқару құжаттарын орындау жөніндегі немесе сондай әрекеттерді жасаудан бас тарту жөніндегі әрекеттеріне, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 87 бабына сай, өндіріп алушы немесе борышкер шағым беруі мүмкін. Шағым сот орындаушысының әрекет жасаған күннен немесе әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарланбай, аталған адамдарға ол жөнінде белгілі болған күннен бастап он күн ішінде сот орындаушысының қызмет ететін учаскесіндегі аудандық сотқа беріледі.

Атқарушылық іс жүргізудің орындалуын прокуратура органдарымен қадағалау. Қазақстанда заңдардың, ҚР Президенті Жарлықтарының, басқа да нормативтік актілердің біркелкі және бұлжытпай орындалуына қадағалауды ҚР прокуратура органдары жүргізеді (ҚР «Прокуратура туралы» заңының 5 б.1-т.).

Осы заңдағы 4 б.2-т. атқарушылық іс жүргізудің орындалуына қадағалау жүргізу прокуратура органдарының негізгі бағыттарының бірі екендігі көрсетілген. Бұл бағыттағы шараларды іске асыруға заңның «Атқарушылық іс жүргізуге қадағалау жүргізу» деп аталатын жеке 9-тарауы арналған.

Атқарушылық ісін жүргізугегі заңдылықты қадағалау кезінде прокурор, өз құзыреті шегінде келесі талаптарды қоя алады:

- адам құқықтары, сотталғандар мен қамауға алынғандарға қатысты тиісті қарау туралы ҚР Конституциясының, заңдары мен халықаралық шарттарының дәл және біркелкі орындалуын талап ету;

- азаматтың құқықтары мен мүдделерін, мемлекетті қорғау бойынша, сонымен қатар, талап арызы берілген немесе прокурор наразылығы келтірілген атқарушылық ісіне тексеру жүргізеді;

- заңмен орнатылған жағдайларда борышкердің банктердегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерімен айналысатын ұйымдардағы қаражаттарына және басқа да мүлкіне тоқтам салу туралы атқарушылық ісін жүргізу органдарының актілерін санкциялайды.

2. Атқару әрекеттерін жасаудың негіздері. Атқару құжаттары.

Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 26 б.1-тармағында атқарушылық ісіне қатысатын тұлғалар көрсетілген. Бұндай тұлғалар ретінде тараптар мен олардың өкілдері танылады.

Атқарушылық ісін жүргізудегі тараптардың ұғымы, олардың процессуалдық құқықтары мен міндеттері, сонымен бірге атқарушылық ісін жүргізуге бірігіп қатысу ережелері Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 27 бабында көздеген.

Тараптар – атқарушылық ісін жүргізудің негізгі қатысушылары болып табылады. Атақарушылық ісін жүргізудегі тараптар ретінде **өндіріп алушы** мен **борышкер** болып табылады.

Өз пайдасына немесе мүдделеріне атқару құжаты берілген жеке немесе заңды тұлға **өндіріп алушы** болып табылады.

Атқару құжатында көзделген талаптарды орындауға міндетті жеке немесе заңды тұлға **борышкер** болып табылады.

Атқарушылық іс жүргізуге бірнеше өндіріп алушы немесе бірнеше борышкер қатыса алады. Басқа тарапқа қатысты олардың әрқайсысы атқарушылық іс жүргізуге дербес қатысады немесе қатысушылардың біріне атқарушылық әрекеттерге қатысуды тапсыра алады, бұған атқару құжаты бойынша борышкерге оның өзі ғана жасай алатын міндеттер (жеке міндеттер) жүктеген жағдайлар қосылмайды.

Құқықтық мирасқорлыққа іс жүргізудің, сонымен бірге, атқарушылық іс жүргізудің кез-келген сатысында жол беріледі. Өндіріп алушы мен борышкерге қатысты соттың шешімін немесе бітімгершілік келісім жасасу негізінде іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы соттың ұйғарымын орындау кезіндегі құқықтық мирасқорлық туралы ережелер ҚР АПК 54 бабынан туындайды. Бұл бап, даулы немесе шешіммен белгіленген құқық қатынастарынан тараптардың біреуі шығып қалған жағдайларда (азаматтың қайтыс болуы, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы, таратылуы, талапқа жол беру, борышты ауыстыру және материалдық құқық қатынастарындағы тұлғалардың басқа да өзгеру жағдайы) сот ол тарапты оның құқық мирасқорлығымен ауыстырады. Атқарушылық ісін жүргізу құқық мирасқорлығына сай тоқтатыла тұрады.

Өндіріп алушының немесе борышкердің өкілі – бұл атқару ісін жүргізуде сенім білдірушінің білдірген сеніміне иә болмаса заңға, жарғыға, ережеге немесе құрылтай құжаттарға сай «бөтен» іс жүргізумен айналысатын жеке тұлға.

Өкілдер өздерінің емес, сенім білдіруші мен борышкердің мүдделерін қорғайды. Олармен жасалған әрекеттер нәтижесінде құқықтар мен міндеттер өкілдерде емес, тиісті өндіріп алушы мен борышкерде пайда болады.

Атқарушылық іс жүргізу барысында өкілдер бола алатын адамдар шеңберін азаматтық іс заңнамасы орнатады (ҚР АПК 59 және 63 бб.).

Өкілдің өкілеттігі заңдарда көзделген талаптарға сәйкес ресімделеді (Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 26 б.1-т.).

Атқарушылық ісін жүргізуге қатысатын тұлғалардың (өндіріп алушының, борышкердің және олардың өкілдерінің) құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 28 бабында көзделген. Атқарушылық ісін жүргізуге қатысшылардың құқықтары:

- атқарушылық іс жүргізу материалдарымен танысу, олардан үзінділер жасау, көшірмелер алу;
- қосымша материалдар беру;
- өтініш білдіру;
- атқарушылық әрекеттер жасауға қатысу;
- атқарушылық әрекеттер кезінде ауызша және жазбаша түсініктер беру;
- атқарушылық іс жүргізу барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдері мен пікірлерін айту;
- атқарушылық іс жүргізуге қатысты басқа адамдардың дәлелдері мен өтініштеріне қарсылық білдіру;
- қарсылықтар білдіру;
- атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша сот орындаушысының әрекеттеріне немесе шешімдеріне шағым жасау.

Өндіріп алушы мен борышкер, атқарушылық іс жүргізудің тараптары ретінде билік ету әрекеттерін жасау құқықтарына ие болады. Өндіріп алушы атқарушылық құжатын өндіруге ұсына алады, өндіріп алудан бас тарта алады, әлі орындалмаған атқарушылық құжатын қайта алу туралы өтініш жасай алады. Борышкер болса соттың немесе басқа да органның актісін ерікті түрде орындауға құқығы бар. Өндіріп алушы мен борышкер жалпы бойынша соттық тәртіппен бекітілетін бітімгершілік келісін жасаса алады.

Сонымен бірге, мүлікті хаттау кезінде борышкер сот орындаушысына қандай заттардан бірінші кезекте өндіріліп алынуға тиіс екендігін мәлімдеуге хақылы (Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 41 б.2-т.).

Атқарушылық ісін жүргізуге қатысушыларға келесі міндеттер жүктеледі:

- өздеріне берілген барлық құқықтарды адал пайдалану;
- атқарушылық іс жүргізу туралы заңдардың талаптарын орындау (мыс., үй-жайлар мен ғимараттарды қарауға, тоқтам салуға кедергі жасамау, сот орындаушысының тапсырмаларын орындау, қажетті ақпараттарды беру, сот орындаушысының шақыруы бойынша келу және т.б.).

Тұрғылықты жері өзгерген жағдайда борышкер сот орындаушысына өзінің жаңа мекен-жайын хабарлауға міндетті.

Атқарушылық ісін жүргізуде негізгі тараптармен қатар, **басқа да қатысушылар** болады. Атқарушылық іс әрекеттерін жасау кезінде, қажетті жағдайларда айғақ адамдар, аудармашылар, мамандар, тоқтам салынған

мүлікті сақтаушылар және сот актілері мен басқа да органдардың актілерін сот орындаушысымен атқаруға септігін тигізетін басқа да тұлғалар қатысуы мүмкін.

Азаматтық іс жүргізу заңдарына сай сот орындаушысы мәжбүрлеу тәртібімен соттар мен басқа да органдар актілерінің орындалуын іске асырады.

Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңының 7 бабына сай мәжбүрлеп орындатылатын құжаттарға келесілері жатқызылады:

- ҚР соттарының заңды күшіне енген актілері (дереу орындалуға тиіс шешімдерден басқалары). Бұл – азаматтық істер бойынша шешімдер, сот бұйрықтары, ұйғарымдары мен қаулылары және мүлікті өндіру бөлігіндегі қылмыстық істер бойынша үкімдер;

- басқа соттардың шешімдері (шетелдік және халықаралық соттар мен арбитраждардың шешімдері);

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға өкілетті лауазымды тұлғалар мен органдардың қаулылары;

- прокурор қаулылары;

- нотариат органдарының атқару жазбалары;

- заңдарда көзделген жағдайларда басқа да органдардың қаулылары.

Атқарушылық құжаттарының тізбесі аталмыш заңның 5 бабында көзделген және оларға мыналар жатады:

1. сот қаулылары негізінде берілетін атқару құжаттары;

2. ҚР азаматтық іс жүргізу заңдарына сай берілетін сот бұйрықтары;

3. Халықаралық және шетелдік соттар мен төреліктердің (арбитраждардың) шешімдері негізінде берілетін атқару парақтары;

4. ҚР ӘҚБК-мен көзделген негіздер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шығарылған сот үкімдері;

5. ҚР ӘҚБК-мен көзделген негіздер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға өкілетті органның (лауазымды тұлғаның) қаулыларын мәжбүрлеп орындату туралы соттардың қаулылары;

6. Прокурордың өзінің талаптарын мәжбүрлеп орындату туралы қаулысы;

7. заңдарда көзделген жағдайларда басқа да органдардың қаулылары.

Соттармен атқарушылық құжаттарды берудің тәртібі және олардың мазмұндары ҚР АПК-нің баптарымен реттеледі. Соған сай, егерде белгіленген мерзімде борышкерден сотқа қарсылық келіп түспесе, судья өндіріп алушыға оны орындауға көрсету үшін соттың мөрімен куәландырылған сот бұйрығын береді. Өндіріп алушының өтініші бойынша сот бұйрығы тікелей соттың орындауы үшін жіберілуі мүмкін. Жергілікті бюджеттің кірісінде борышкерден мемлекеттік бажды өндіріп алу үшін соттың мөрімен куәландырылған сот бұйрығының жеке данасы тікелей соттың орындауы үшін жіберіледі.

Әдетте, атқарушылық құжаттары мен сот бұйрықтары сот шешімдері мен ұйғарымдары заңды күшіне енгеннен кейін беріледі. Апелляциялық және

қадағалау сатысындағы соттың қаулылары олар қабыданған күннен бастап заңды күшіне енеді (ҚР АПК 368,400 бб.).

Егерде сот шешімі дереу орындалуға жататын болса, атқарушылық құжаты ол шығарылғанна кейін, яғни, заңды күшіне енгенге дейін беріле береді (ҚР АПК 236,237,238 бб.).

Сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағы жазылады, сот оны ауиқтық тәртіп бойынша сот қаулыларын орындауға уәкілетті тиісті органға орындау үшін жіберуге тиіс.

ҚР АПК 236 б.4 б. сай атқару парағында келесі мәліметтер көрсетілуі керек:

- 1) атқару құжатын берген соттың атауы;
- 2) істің нөмірі және шешім шығарылған күн;
- 3) шешімнің қарар бөлігі (әрбір сөзіне дейін);
- 4) шешімнің күшіне енген уақыты;
- 5) атқару құжаты берілген күн;
- б) өндіріп алушы мен борышкердің атауы, олардың мекен-жайы мен реквизиттері.

Соттың әрбір шешімі бойынша бір атқару парағы беріледі. Егер атқару әр түрлі орындарда жүргізілетін болса не егер шешім бірнеше талап қоюшының пайдасына немесе бірнеше жауапкерге қарсы шығарылған болса, сот өндіріп алушылардың өтініші бойынша атқару орнын дәл көрсетіп не осы атқару құжаты бойынша атқарылуға тиіс шешімнің сол бөлігін көрсете тырып, бірнеше атқару құжатын жазады (ҚР АПК 236 б.5 б.).

Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 11 бабы *атқару құжатын қайтарудың* негіздерін бекітеді. Құжат заңда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда сот орындаушысы үш күн мерзімде қайтару туралы қаулы шығарып, оны берген органға жібереді, бұл жөнінде өндіріп алушыға хабарлайды.

Ал, сот орындаушысына кемшіліктері жойылғаннан кейін немесе белгіленген мерзімнен кешірек келіп түскен атқару құжатының берілген күні болып оның қайтадан келіп түскен күні саналады. Қайтару туралы қаулыда аталған кемшіліктер жойылмай келіп түскен атқару құжаты орындалуға тиіс емес және ол жіберген органға қайтарылады.

Атқару құжаты жоғалған жағдайларда қаулы шығарған орган заңда көзделген тәртіппен беретін оның көшірмесі өндіріп алу үшін негіз болып табылады (Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 5 б. 2-т.).

Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 7 бабына тағы да назар салатын болсақ, онда **атқару құжаттарын орындауға беру мерзімдері** көрсетілген. Осы нормаға сай атқару құжаттары мына мерзімдерде:

1. сот актілері негізіне берілетін сот бұйрықтары мен атқару құжаттары – үш жыл ішінде;

2. әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарылған сот қаулылары – егерде заңмен асқа да мерзімдер орнатылмаса, бір жыл ішінде;

3. әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға өкілетті органның (лауазымды тұлғаның) қаулыларын мәжбүрлеп орындату туралы соттардың қаулылары – бір жыл ішінде;

4. прокурордың қаулылары – үш ай ішінде.

Аталған мерзімдер:

1. мүлікті өндіріп алу соттардың шешімдері мен үкімдері негізінде берілген атқару парақтарын орындау кезінде – кімнің не шешімнің заңды күшіне енген немесе шешімді орындауды кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту кезінде белгіленген мерзім аяқталған күннің ертеңінен бастап, ал шешім дереу орыналуға тиіс болған жағдайларда – оны шығарғаннан кейінгі күннен бастап;

2. әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарылған сот қаулыларды орындау кезінде – қаулы шығарылған күннен бастап;

3. әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға өкілетті органның (лауазымды тұлғаның) қаулыларын мәжбүрлеп орындату туралы соттардың қаулылары – мәжбүрлеп орындату туралы шешімді қабылдағаннан кейінгі келесі күннен бастап;

4. басқа да барлық атқару құжаттары бойынша – оларды берген күннен кейінгі күннен бастап.

Мерзімді төлемдер өндіріп алу туралы шешімдер (алимент өндіріп алу туралы, мертіктірумен немесе денсаулығын өзгедей зақымдаумен келтірілген зиянды өтеу туралы және басқа істер бойынша) атқару құжаттары төлем жасауға берілген барлық уақытта күшін сақтайды. Мұндай жағдайларда мерзім әрбір төлем үшін жеке есептеледі.

Атқару құжатын орындауға беруге арналған мерзім:

- атқару құжатын орындауға беру;
- атқару құжатын борышкердің ішінара орындауы арқылы үзіледі.

Үзілістен соң мерзімінің өтуі қайтадан басталады, бұл орайда үзіліске дейінгі өткен уақыт жаңа мерзімге есептелмейді.

Үзілістен кейінгі жаңа мерзім атқару құжаты бойынша өндіріп алу толық не ішінара жүргізілмеген, өндіріп алушыға қайтарылмаған күннен бастап есептеледі.

Орындауға беру мерзімі өткізіліп алынған атқару құжаты бойынша атқарушылық іс жүргізу қозғалмайды, сот орындаушысы бұл туралы қаулы шығарады және өндіріп алушыға өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы сотқа арызбен жүгіну құқығын түсіндіреді (Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 10 б. 3-т.).

Аталмыш заңның 9 бабы атқару құжатын орындауға беру үшін өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіру негіздерін орнатады. Атқару парағын орындауға ұсыну мерзімін өткізіп алған өндіріп алушы – шешім шығарған сотқа өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш жасауға хақылы.

3. Атқару әрекеттерін жасаудың жалпы ережелері.

Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 10 бабы атқару құжатын іс жүргізуге қабылдаудың салдарын реттейді. Осы баптың нормаларына сай сот орындаушысы атқару құжаты келіп түскеннен кейін **атқарушылық іс жүргізуді қозғайды**, бұл туралы ол қаулы шығарады.

Сот орындаушысы дереу, бірақ үш тәуліктен кешіктірмей, дереу орындалуға тиісті атқару құжаттарын қоспағанда бес күн мерзім бере отырып, атқару құжатын өз еркімен орындау туралы борышкерге ұсыныс жасайды.

Сот орындаушысы сонымен бірге, борышкердің мүлкіне тыйым салып, мүлкін хаттайды, бұл жөнінде осы Заң талаптарын сақтай отырып, акт жасайды. Осы жерде борышкердің банктердегі және банктік операциялармен айналысатын ұйымдардағы қаражаттарына сот орындаушысы тоқтам салуды тек прокурордың санкциясы негізінде іске асырады.

Атқарушылық әрекеттер жасау мерзімдері. Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 12 бабымен орнатылған. Яғни, атқару құжаттары бойынша орындау атқарушылық іс жүргізу қозғалған күннен бастап екі ай мерзімде аяқталуға тиіс, бұған мерзімді өндіріп алу туралы атқару құжаттары, сондай-ақ заңдарда өзге де орындау мерзімдері белгіленген жағдайлар қосылмайды.

Ал, ғимараттарды бұзу, технологиялық операцияларды жасау, сонымен бірге, маманды қатыстыру арқылы оны бағалауды талап ететін мүліктерді өндіру, сараптама жасау, саудалар жүргізу, борышкер мүлкін іздестіру бойынша атқару құжаттарына қатысты атқарушылық іс әрекеттер төрт айда аяқталуы керек.

Атқарушылық іс әрекеттерін жасау орындары аталмыш заңның 24 бабында көрсетіледі. Атқарушылық әрекеттерді борышкердің тұрғылықты жері бойынша немесе жұмыс орны бойынша не оның мүлкі тұрған жер бойынша сот орындаушысы жүргізеді. Егер борышкер ретінде заңды тұлға болса, орындау оның органы немесе мүлкі орналасқан жерде жүргізіледі.

Борышкерге белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттейтін атқару құжаттарын орындауды осындай әрекеттер жасалатын жердегі сот орындаушысы жүргізеді.

Егер атқару құжатын орындау процесінде борышкер басқа жерге кетіп қалса және борышкердің бұрынғы тұрған жерінде өндіріп алынатын мүлік қалмаса, сот орындаушысы бұл жөнінде дереу акт жасайды және атқару құжатын борышкердің жаңа тұрғылықты жері бойынша сот орындаушысына үш күннен кешіктірмей жіберіп, бұл жөнінде өндіріп аушыға хабарлайды.

Енді атқарушылық әрекеттер жасалатын уақытқа назар аударайық. Осы заңның 25 бабында орнатылғандай, атқарушылық әрекеттер жұмыс күндерінде 6-00 сағаттан 22-00 сағатқа дейін жасалуы керек. Атқарушылық әрекеттерді осы шекте жасаудың нақты уақытын сот орындаушысы белгілейді. Атқарушылық іс жүргізуге қатысушы тараптар атқарушылық әрекеттер жасаудың өздеріне қолайлы уақытын ұсынуға хақылы.

Демалыс және мереке күндерінде, сондай-ақ түнгі уақытта атқарушылық әрекеттерге сот рұқсатымен және кейінге қалдыруға болмайтын немесе оларды борышкердің кінәсінен басқа күндерде және осы Заңда белгіленген уақытта жасау мүмкін болмаған жағдайларда ғана жол беріледі.

Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 33 және 34 баптарында атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар мен негіздер көрсетілген.

Сот орындаушысы өз ынтасы бойынша атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз етуге құқылы. Ал егерде, бұл туралы өндіріп алушы арызданса ол сот орындаушысының міндетіне айналады.

Атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз етуге жататын шаралар ретінде мыналарды көрсетуге болады:

- борышкердің мүлкін немесе онда не өзге де жеке немесе заңды тұлғаларда (соның ішінде несие және сақтандыру ұйымдарында) бар, бағалы қағаздар мен есептелетін ақша сомаларын пайдалануға тыйым салу;
- борышкердің өзінде не басқа жеке немесе заңды тұлғаларда бар мүлкін алып қою;
- борышкердің белгілі бір әрекеттер жасауына тыйым салу;
- борышкердің оған меншік құқығы негізінде тиесілі мүлікті немесе ақша сомаларын пайдалануына тыйым салу не оларды сот атқарушысы белгіленген шекте пайдалануға нұсқау беру;
- борышкер мүлкін мөрлеп қою (сүргі салу);
- құқық белгілейтін құжаттарды алып қою;
- басқа адамдардың борышкерге мүлік беруіне немесе оған қатысты өзге де міндеттемелер орындауына тыйым салу.

Қажет болған жағдайларда орындауды қамтамасыз етудің бірнеше түрін бір мезгілде қодануға болады.

Қамтамасыз етудің бір түрін басқа түрімен ауыстырпу туралы мәселені сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуге қатысушы адамдардың өтініші бойынша немесе өз бастамасы бойынша қарайды. Қамтамасыз етудің бір түрін басқа түрімен ауыстыру туралы мәселені қарау бұрын белгіленген қамтамасыз ету шараларының қолданылуын кідіртпейді.

Дегенмен, атқарушылық ісін жүргізуді тоқтата тұру, кейінге қалдыру, басқа уақытқа ауыстыру салдары атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету бойынша бұрын орнатылған шараларды жоққа шығармайды.

Ал, өндіріп алуды жүргізу кезінде басқа істер бойынша орындау құжаттары бар адамдар өндіріп алуға қосыла алады (Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 70 б.).

Атқарушылық әрекеттерді кейінге қалдыру мәселелері Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 14 бабымен реттеледі. Атқарушылық әрекеттер жасауға кедергі келтіретін жағдаяттар болған кезде сот орындаушысы оларды өз бастамасы бойынша немесе тараптардың біреуінің өтініші бойынша кейінге

қалдыра алады, бұл жөнінде тиісті қаулы шығарылады. Оны аға сот орындаушысы немесе сот орындаушылары органының басшысы бекітеді. Атқарушылық әрекеттерді кейінге қалдыру туралы сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуге қатысатын адамдарға хабалауға міндетті.

Атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру негіздері екіге бөлінеді: міндетті және факультативті.

Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 15 бабына сай сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді келесі жағдайларда тоқтата тұруға міндетті:

- егер сот белгілеген құқық қатынасы құқықтық мирасқорлыққа жол берсе борышкер қайтыс болғанда, ол қайтыс болды деп хабарланған немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылғанда;

- борышкер болып табылатын заңды тұлға қайта құрылғанда немесе оның таратылуы туралы заңда белгіленген тәртіпте шешім қабылданғанда немесе дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс қозғалса;

- борышкерді немесе өндіріп алушы әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылғанда;

- борышкер атқару құжатын сот тәртібімен даулағанда;

- әкімшілік жаза қолданған органдардың (лауазымды адамдардың) әрекеттеріне сотқа шағым берілгенде;

- сот немесе атқару құжатын бергенде негізге алынған шешімнің орындалуын тоқтата тұру құқығы заңмен берілген лауазымды лауазымды тұлға қаулы шығарғанда;

- сотқа атқару құжаты бойынша өндіріп алынатын мүлікті хатталудан шығару туралы (пайдалануға тыйым салудан босату) талап қойылғанда;

- борышкер немесе өндіріп алушы борышкер мүлкін бағалау нәтижелеріне дау шығарғанда.

Осы заңның 16 бабына назар аударатын болсақ, бұл баптың нормаларында сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру құқығының егіздері көрсетілген. Сондықтан да атқарушылық іс жүргізу:

- сот орындаушысы орындалуға тиіс қаулыны түсіндіру туралы тиісті сотқа немесе өзге органға өтініш;

- борышкер ұзақ уақыт бойы қызмет бабындағы іссапарда болған;

- борышкер емдеу мекемесінде болған;

- сот орындаушысының іс-қимылына шағым берілген;

- борышкерге іздеу салынған;

- өндіріп алушы өтініш жасаған;

- борышкер не өндіріп алушы елді мекен шегінен тыс жерде жүрген жағдайларда да тоқтатылуа тұруы мүмкін.

Атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру мерзімдері Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 17 бабында көрсетілген.

Ал, **атқарушылық іс жүргізуді тоқтату** туралы нормалар осы заңның 20, 20-1 - баптарымен реттеледі. Атқарушылық ісін жүргізу тоқтатылады егерде:

- өндіріп алушы өндіруден бас тартса;
- өндіріп алушы мен борышкер бітімгершілік келісімін жасасса және ол сотпен бекітілсе;
- өндіріп алушы немесе борышкер болып табылатын азамат қайтыс болғаннан кейін сотпен орнатылған талапта мен міндеттер өлген адамның құқықтық мирасқорлығына ауыспайтын болса;
- атқару құжатын орындалуға ұсыну мерзімі өтіп кетсе;
- атқару парағын беру туралы тиісті органның шешімінің күші жойылса;
- борышкер немесе өндіріп алушы болып табылатын заңды тұлғаның таратылуы аяқталса;
- атқару құжаты бойынша өндіріп алу немесе басқа да талаптар толық көлемде орындалса;
- өндіріп алушы борышкерден атқарушылық ісін жүргізу барысына алынған мүліктерден бас тартса.

Атқарушылық ісін жүргізу тоқтатылғаннан кейін сот орындаушысы ол туралы **қаулы шығарады** және атқару құжаты тиісті белгісімен сотқа немесе оны берген органға жібереді. Сонымен бірге орындалуды қамтамасыз ету шаралары күшін жояды. Тоқтатылған атақарушылық ісін жүргізу, сотпен атқару құжатын ұсыну мерзімдерін қайта қалпына келтіру жағдайларын қоспағанда, қайтып жаңғыртылмайды.

Осы құқықтық нормаларды ескере отыра, атқарушылық ісін жүргізу толығымен тоқтатылды деп санаймыз.

Атқару құжаттарын өндіріп алушыға қайтару өндіріп алу жүргізілмеген немесе толық көлемде жүргізілмеген жағдайда іске асырылады. Дегенмен, олар үшін де тиісті негіздер болу қажет. Міне, осындай негіздер Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 21 бабында көзделген. Сонымен, өндіріп алу жүргізілмеген немесе толық көлемде жүргізілмеген атқару құжаты сот орындаушысының қаулысы бойынша келесі жағдайларда:

- өндіріп алушының арызы бойынша;
- егер борышкердің өндіріп алынуы мүмкін мүлкі, ақша сомасы, бағалы қағаздары немесе табыстары жоқ болса;
- егер өндіріп алушы шешімнің орындалуы кезінде борышкердің сатылмаған мүлкін алудан бас тартса;
- егер борышкер өндіріп алушы көрсеткен мекен-жайда тұрмайтын немесе жұмыс істемейтін болса не сол жерде оның мүлкі жоқ болса қайтарылады.

Қорытынды

Сонымен, бүгінгі дәрісімізде біздер атқарушылық ісін жүргізудің құқықтық неіздерін, сот орындаушысының құқықтық мәртебесін, оның құқтары мен міндеттерін анықтадық. Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе **атқарушылық ісін жүргізу** – мүдделі тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың қосымша кепілінің шарты деп айтуға болады.

Осы көрсетілген жағдайлардан біздер атқарушылық ісін жүргізумен бірнеше органдар мен лауазымды тұлғалар айналысатынын анықтадық. Бұның бәрі заң шығарушының өзінің қолында сот шешімі бар мүдделі тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына қосымша кепіл берілуінің бірден бір дәлелі.

Атқарушылық іс жүргізудің **мақсаты** – сот шешімдерін, соттың басқа да актілерін және басқа да органдардың актілерін орындау.

Қазақстан Республикасы Атқарушылық іс жүргізуі туралы заңның 6 бабына сай «соттың немесе өзге де органның қаулысын өз еркімен орындамау, сондай-ақ атқарушылық құжаттың болуы мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға негіз болып табылады». Бұл норма атқарушылық іс жүргізу сатысында процессуалдық қатынастардың пайда болуы туралы теориялық ілімдерге толығымен сай келеді. Азаматтық іс жүргізудің осы сатысында атқарушылық іс әрекеттерінің орындалуына заңдық құрамның болуы тиіс. Олар мыналар:

- заңды күшіне енген сот шешімінің (басқа да актінің) болуы;
- өндірушінің атқару құжатын алуға деген еркінің білдірілуі;
- атқарушылық құжатын орындатуға беру;
- борышқорға ерікті түрде сот шешімін орындауға берілген мерзімнің өтіп кетуі.

Нормативтік құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының азаматтық процесілік кодексі. 2015 жылғы 31 қазан. Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
2. Қазақстан Республикасының «Аралық соттар туралы» 2004 ж. 28.12. Заңы. (соңғы берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
3. Қазақстан Республикасының «Атқарушылық өндіріс және сот атқарушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Заңы (соңғы берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
4. Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңы. 1997 ж. 14.07. (2016.29.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
5. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 1995 ж. 21.12. Заңы. (2016.06.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
6. Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Заңы. (2016.29.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
7. Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының «Аралық соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату жөнінде заңдардың кейбір нормаларын соттардың қолдануы туралы» 2005 ж. 23.12. №10 Нормативтік қаулысы // (соңғы берілген өзгерістермен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе.

Қолданылған әдебиеттер

1. Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Ерекше бөлім. Қарағанды: САНАТ-Полиграфия, 2008.-289 б.
2. Егембердиев Е. О. Атқарушылық іс жүргізу: Оқу құралы/Е.О. Егембердиев.- 2-ші бас. Астана: ФОЛИАНТ, 2011.-160 б.
3. Аленов М. А. Гражданское процессуальное право: Учебное пособие-2-е изд., перераб. и доп. Астана: ТОО «ПрофиМакс ДК», 2011- 530с.
4. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Учебник. Алматы: ҚазМЗА, 2001 ж.
5. Нурмашев У. У. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Краткий курс: учебное пособие. Алматы : NURPRESS, 2012 - 476 с.
6. Гражданский процесс: Учебник-Отв. ред.В.В.Ярков. 7-е изд., перераб. и доп. М.:ВОЛТЕРС КЛУВЕР, 2009 - 784с.
7. Исполнительное производство: Учебное пособие Под ред.С.С. Маиляна , А. Н. Кузбагарова - М. : ЮНИТИ, 2009 - 303с.